

**"Қазақалтын" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 тамыздағы N 1300 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

"Қазақалтын" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Қазақалтын" акционерлік қоғамы дәрменсіз борышкер деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

соттан тыс тәртіппен "Қазақалтын" акционерлік қоғамына қатысты оңалту рәсімдерін жүргізсін;

"Қазақалтын" акционерлік қоғамын оңалтушы басқарушы тағайындасын.

3. "Қазақалтын" акционерлік қоғамына Қаржылық менеджер және оператор ретінде Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі ұсынылсын.

4. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіне "Қазақалтын" акционерлік қоғамы үшін айналымдағы қаражатты толтыру және жалақы жөніндегі берешектерді төлеу мақсатында 386 млн. теңге сомасында құрамында алтын бар өнімдердің кепілдігімен ресурстар іздестіру, сондай-ақ көрсетілген қаржының мақсатты пайдаланылуы жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*